

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 6 мамыр N 536. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 2 наурыздағы N 347 қаулысымен. ~P000347

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 5 наурыздағы N 206 P990206_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің құрылымы бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1786 P971786_ қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 56, 505-құжат);

2) "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су

ресурстары жөніндегі комитетінің су ресурстары жөніндегі облыстық комитеттерін су шаруашылығы жөніндегі кәсіпорындар етіп қайта құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 30 желтоқсандағы N 1359

P981359_

қаулысының 5-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 50, 463-құжат) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 6 мамырдағы
N 536 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігінің Су
ресурстары жөніндегі комитеті туралы
ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі құзыретінің шегінде су ресурстарын пайдалану аясында арнайы атқарушылық және бақылау-қадағалау функцияларын, сондай-ақ салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады. <*>

Комитеттің Алматы, Астана, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Семей, Тараз қалаларында аумақтық органдары - бассейндік су шаруашылығы басқармалары бар.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен. P991093_

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері және мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Егер Комитетке заңдарға сәйкес уәкілеттік берілген болса, онда оның мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген

тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында міндетті күші бар бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.08.02. N 1093 қаулысымен. P991093_

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

Астана қаласы, Можайск көшесі, 28-а.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

Комитетке өз функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заң актілерімен табыс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен түскен табыс республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері:

1) мелиорация және су шаруашылығы саласында мемлекеттік ғылыми-техникалық және инвестициялық саясатты әзірлеу мен іске асыруға, мелиорация және су шаруашылығының, су ресурстарын ұтымды пайдалану мен қорғалуының және өзге де даму бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруға қатысу;

2) су ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуына, арнайы су пайдалануға рұқсат беру шарттарының орындалуына мемлекеттік бақылау жасау;

3) халықтың және экономика салаларының суға деген қажеттілігін қамтамасыз ету үшін судың пайдаланылуын су қорларының сақталуын және суды ластанудан, қоқыстану мен сарқылудан қорғауды, өзендердің, көлдер мен су қоймаларының жай-күйін жақсартуды реттеу;

4) су ресурстарының пайдаланылуының нормативтік құқықтық актілерін және экономикалық тетіктерін жетілдіру болып табылады.

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдар мен нормативтік құқықтық актілердің, басым бағыттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

2) су ресурстарының пайдаланылуына және су қорының қорғалуына

мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

3) халықтың және экономика салаларының суға деген қажеттілігін қамтамасыз ету үшін су ресурстарының пайдаланылуы мен қорғалуын, экологиялық талаптарды ескере отырып оның кешенді пайдаланылуына және суды ластанудан, қоқыстану мен сарқылудан қорғауды, өзендердің, көлдер мен су қоймаларының жай-күйін жақсартуды реттейді;

4) табиғат қорғау органдарымен келісе отырып жерүсті су көздерінен арнайы су пайдалануға рұқсат береді және жерасты су көздерінен арнайы су пайдалануға рұқсат беруді келіседі;

5) ұйымдар мен объектілерді салу, қайта жаңарту, ұйымдар мен ғимараттарды орналастыру жобаларын келісу кезінде суды пайдаланудың барлық түрлеріне техникалық шарттар береді;

6) су шаруашылығы объектілерінің жұмыс режимін реттейді, ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың мемлекетаралық, салааралық және облысаралық мақсаттағы су қоймаларын, бөгендердің, гидротораптардың, каналдар мен су құбырларының және тікелей су көздеріне орналасқан басқа да объектілердің пайдаланылуын ұйымдастырады;

7) қысқа мерзімді және перспективалық су шаруашылығы баланстарын, өзен бассейндері мен аумақтар үшін су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғау схемаларын әзірлейді, ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарына қатысады;

8) жер қойнауын қорғау және гидрометеорология органдарымен бірлесіп суды мемлекеттік есепке алуды, су ресурстарына мониторинг, сондай-ақ мемлекеттік су кадастрін жүргізеді;

9) экономика салаларында және коммуналдық-тұрмыстық секторда су тұтыну нормаларын, мемлекеттік табиғат, балық қорын қорғау санитарлық қадағалау органдарымен және басқа да мүдделі мемлекеттік органдармен келісе отырып кешенді мақсаттағы су қоймаларын пайдалану ережелерін бекітеді;

10) су шаруашылығының, су ресурстарын пайдалану және қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасайды;

11) су шаруашылығы объектілерін пайдалануға қабылдау жөніндегі жұмыстарға қатысады, су объектілері мен су ресурстарының жай-күйіне әсер ететін су шаруашылығы ғимараттарының және құрылыс салу, арна түбін тереңдету мен өзге де жұмыстар жүргізу жобаларын келіседі;

12) шекарааралық суларды және мемлекетаралық су ағатын арналарды бірлесіп пайдалану мен қорғау мәселелері бойынша іргелес мемлекеттердің мемлекеттік су шаруашылығын басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;

13) мемлекетаралық ынтымақтастықтың басым бағыттарын жасауға қатысады, инвестицияны су шаруашылығына тартуға және пайдалануға ықпал етеді;

14) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Комитеттің негізгі міндеттерді іске асыруы және өзіне жүктелген функцияларды жүзеге асыруы үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) бұйрықтар шығаруға, өз құзыретінің шегінде Комитетке ведомстволық бағыныстағы аумақтық органдарға, республикалық мемлекеттік кәсіпорындарға нұсқаулар беруге және оның орындалуын тексеруге;

2) ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату мәселелері бойынша ұсыныстарды әзірлеуге және енгізуге;

3) министрліктердің, өзге де орталық атқарушы органдардың су ресурстарын бөлуді, пайдалануды және арнайы су пайдалануға берілген рұқсаттарды регламенттейтін нормативтік құқықтық актілері Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келсе, бұл құжаттардың күшін тоқтату немесе жою жөнінде ұсыныс енгізуге;

4) су ресурстарының, объектілерінің және суармалы жерлердің жай-күйі, олардың пайдаланылу мәселелері жөнінде тиісті мемлекеттік органдардан және өзге де заңды тұлғалардан ақпарат сұратуға және алуға, қажет болғанда оларға осындай ақпарат беруге;

5) заңдарда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Комитет өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік жүргізуге құқығы жоқ Комитетке заңдарда белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік жасау құқығы берілуі мүмкін

.

4. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Комитет төрағасының, оның ұсынуы бойынша, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары болады.

17. Комитет төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның функциясын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

18. Төраға осы мақсатта:

- 1) өз орынбасарының, Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;
- 2) заңдарға сәйкес Комитеттің қызметкерлерін аумақтық органдардың басшыларын және ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 3) заңдарда белгіленген тәртіппен Комитеттің қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданады;
- 4) бұйрықтарға қол қояды;
- 5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
- 6) мемлекеттік органдар мен басқа ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;
- 7) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

19. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 6 мамырдағы
N 536 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су
ресурстары жөніндегі комитетінің
құрылымы

Су ресурстары бөлімі
Мелиорация, су шаруашылығының құрылыстары және инвестициялар бөлімі
Экономикалық мониторинг және реформалар бөлімі

Оқығандар:
Қобдалиева Н.
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК